## "Қазақмыс корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Жезқазғантүстімет" өндірістік бірлестігі Оңтүстік Жезқазған руднигінің 65 шахтасында болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру жөніндегі үкіметтік комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 қазандағы N 953 Қаулысы

Қарағанды облысындағы "Қазақмыс корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Жезқазғантүстімет" өндірістік бірлестігі Оңтүстік Жезқазған руднигінің 65 шахтасында 2008 жылғы 12 қазанда адам шығынымен болған топтық жазатайым оқиғаны тексеру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес құрамда "Қазақмыс корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Жезқазғантүстімет" өндірістік бірлестігі Оңтүстік Жезқазған руднигінің 65 шахтасында болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру жөніндегі үкіметтік комиссия (бұдан әрі - комиссия) құрылсын.

2. Комиссия жұмысқа тез арада кіріссін, топтық жазатайым оқиғаның себептерін жан-жақты тексеруді қамтамасыз етсін, қайтыс болғандардың отбасына бірінші кезекте көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Комиссия төрағасы В.В.Петров топтық жазатайым оқиғаны тексеру нәтижелері және қайтыс болғандардың отбасына бірінші кезекте көмек көрсету жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 қазандағы N 953 қаулысына қосымша

## "Қазақмыс корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі " Жезқазғантүстімет" өндірістік бірлестігі Оңтүстік Жезқазған руднигінің 65 шахтасында болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру жөніндегі үкіметтік комиссия

| | |
|---|---|
| Петров Валерий Викторович | - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі, төраға |

| | |
|---|---|
| Дәрібаев Мұрат Амангелдіұлы | - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Өнеркәсіп комитетінің төрағасы, төрағаның орынбасары |
| Ибаділдин Жұмамәди Ибаділдаұлы | - Қарағанды облысы Азаматтық қорғанысты жұмылдырып даярлау, авариялық және дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасының бастығы |
| Ахметов Серік Баужанұлы | - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитетінің төрағасы |
| Дүйсекенов Нұрсләм Рахымұлы | - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитеті төрағасының орынбасары |
| Қараторғаев Мақсұтбек Нәкімбекұлы | - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитеті Тау-кен металлургиялық өнеркәсібін мемлекеттік бақылау басқармасының бастығы |
| Әжібеков Серік Бибекұлы | - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Кәсіби әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметінің орталық штабы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның бастығы |
| Ысқақов Мейрам Қабденұлы | - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы |

| | |
|---|---|
| Пфаргер Владимир Владимирович | - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары |
| Бисақаев Серікқали Ғұмарұлы | - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Бақылау және әлеуметтік қорғау комитеті төрағасының орынбасары |
| Бадуанов Мейрам Ескендірұлы | - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Қарағанды облысы бойынша бас мемлекеттік еңбек инспекторы |
| Төлеубаев Елеусіз Ибрагимұлы | - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Электр энергетикасын және көмір өнеркәсібін дамыту департаментінің сарапшысы |
| Дүйсембеков Қайрат Сыздықұлы | - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қарағанды облысы Ішкі істер департаменті тергеу басқармасының бастығы |
| Нұрлыбай Абылқас | - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі медициналық көмекті ұйымдастыру басқармасының сарапшысы |
| Ақанов Талғат Мұзарафұлы | - "Қазақмыс корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры (келісім бойынша) |
| Нұралин Асылбек Жамашұлы | - "Қазақмыс корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кәсіподақ комитетінің төрағасы (келісім бойынша) |
| Яценко Иван Савельевич | - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік |

қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитеті "Өнеркәсіптік қауіпсіздік проблемалары жөніндегі ұлттық ғылыми-зерттеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Қазақ тау-кен өнеркәсібіндегі жұмыстардың қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорны жалпы қауіпсіздік зертханасының меңгерушісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК